

«Жазгы симфония: поэзия, лирика және жастар кеші»

Авторлар: спецбіб

04.01.2024 12:57 - Жанартылган 04.01.2024 13:15

Женіс саябағында Арнайы кітапхананың ұйымдастыруымен «Жазгы симфония: поэзия, лирика және жастар кеші» болып өтті. Бұл кеште тыңдарман қауымға поэзия, жастық шақ және сұлулық әлемін жырлай отырып, «Музалар әлеміне» қызықты саяхат, эмоционалды тәжірибе және шығармашылық кеш сыйланды.

Кеште поэзияның ең жарқын және есте қаларлық сәттері, махаббат туралы классикалық өлеңдер, осынау сұлу мезгілден шабыттанған жас ақындардың шығармалары паш етілді.

Кеш қонақтары: Дәурен Айманбетов, Сүндет Сейітов, Арайлым Мұратәлиева сынды өңіріміздің жас ақындары өз өлеңдерінен үзінді оқып, өз пікірлерін ортаға салып отырды. Сонымен қатар арнайы шақырылған қонақтар мен кітапхана қызметкерлері өлең жырларын оқып, ұйымдастырылған «Алғашқы жол», «Поэтикалық шара» ойындарға белсене қатысты. Кеш соңында қатысушылар, алғыс хаттармен марапатталды.

Кешті жүргізген кітапхана қызметкері Л.Мусилим.



«Жазгы симфония: поэзия, лирика және жастар кеші»

Авторлар: спецбпб

04.01.2024 12:57 - Жанартылган 04.01.2024 13:15

